



**Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі
жанындағы Ғылым қоры туралы Ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 19 наурыз 1993 ж. N 218 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.09.24. N 1048 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:
Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар
министрлігі жанындағы Ғылым қоры туралы осыған қосылған Ереже
бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 19 наурыздағы
N 218 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар
министрлігі жанындағы Ғылым қоры туралы
Ереже

Жалпы Ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа техникалар министрлігі жанындағы Ғылым қоры (бұдан әрі - Қор) "Қазақстан Республикасындағы ғылым мен мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасында ғылымды және ғылыми-техникалық бағдарламаларды жоспарлау мен қаржыландыруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 22 қаңтардағы N 61 қаулысына сәйкес республиканың

өндірістік әлеуетін дамытуда принципті маңызы бар іргелі және іздестіру зерттеулерін мақсатты қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін құрылған.

Қор Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы қоғамдық-мемлекеттік ұйым болып табылады.

2. Қор өз қызметінде "Қазақстан Республикасындағы ғылым мен мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы" Заңды, Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі туралы Ережені, осы Ереже мен тиісті нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

3 . Қ о р қ а р а ж а т ы :

республикалық бюджеттен ғылымға көзделген 3 процент мөлшеріндегі аударымдар есебінен ;

министрліктердің, ведомстволардың және мемлекеттік басқарудың басқа да органдарының мақсатты жәрдем ақшаларынан ;

кәсіпорындардың, ұйымдардың, бірлестіктердің тапқан пайдасынан ерікті түрде аударымдарынан ;

нақтылы ғылыми бағыттар мен проблемалар бойынша зерттеулер жүргізуге мүдделі тапсырыс берушілердің мақсатты жарналарынан ;

республикалық және шетелдік ұйымдардың, жекелеген азаматтардың қайырымдылық үлестерінен құралады.

4. Қор Қазақстан Республикасының республикалық бюджетіне салық төлеуден босатылады .

Қордың мақсаттары мен міндеттері

5. Қазақстандық және әлемдік ғылымның деңгейін талдау негізінде Қор Кеңесі қордан қаржыландырылатын іргелі және іздестіру ғылыми зерттеулердің тақырыбын белгілейді .

Бұл ретте Қор Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, Экономика министрлігі, Ұлттық ғылым академиясы белгілеген республикадағы ғылым мен ғылыми-техникалық прогрестің басым бағыттарын негізге алады .

6. Қор қызметінің негізгі бағыттары:

ғылыми ұйымдар мен ұжымдардың, жоғары оқу орындарының және жекелеген ғалымдардың ұсыныстары ішінен тәуелсіз сараптаудың қорытындылары бойынша іріктеп алынған іргелі және іздестіру зерттеулерді, бастамалы да тәуекелді тақырыптарды, сондай-ақ республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаларды гранттар түрінде мақсатты қаржыландыру ;

шетелдерде кадрлар даярлауды қосқанда, ғылым мен техниканың

перспективалы және жаңа бағыттары жөніндегі кадрларды даярлау бағдарламаларын іске асыру;
ғылыми-техникалық әлеуетті қалыптастыруда республиканың аймақтық ғылыми орталықтарына көмек көрсету;
ғылымның жаңа бағыттары бойынша халықаралық ғылыми бағдарламалардың негізінде бірлескен зерттеулерді ұйымдастыру жөніндегі шетелдермен халықаралық байланыстарды дамыту болып табылады.

Қор қаражатын қаржыландыру мен бөлу тәртібі

7. Қордан іргелі және іздестіру жұмыстарын қаржыландыру конкурстық таңдау мен тәуелсіз сараптаудың қорытындысы негізінде жүргізіледі.

Қордан қаржыландыруға оларға Қор қаражатының көпшілік бөлігі бағытталатын іргелі және іздестіру ғылыми зерттеулері басымдылық алады.

8. Қор қаражатын Қор Кеңесі бөледі және ол Қор мен жұмыстарды орындайтын заңды ұйымдар арасында жасалған шарттар бойынша қаржыландырылады. Заңды ұйымдар жұмыс аяқталғаннан кейін бөлінген қаржының пайдаланылуы туралы қаржылық есеп түсіреді.

9. Еңбектерді Қор қаражаты есебінен қаржыландыру ісі бір жылға ашылады. Қор Кеңесі жыл сайын жұмыстарды жалғастыру немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды.

10. Жүргізілген зерттеулер нәтижесіз болған жағдайда Қор Кеңесі қаржыландыруды тоқтатады да қаражатты қайтадан бөлуді жүзеге асырады.

Қорды басқару

11. Қордың жоғары органы Қор Кеңесі болып табылады, оның құрамына Кеңестің Төрағасы, орынбасары, мүшелері кіреді. Қор Кеңесінің жеке құрамын Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің алқасы үш жыл мерзімге бекітеді. Аталған мерзім өткеннен кейін Кеңес құрамының кем дегенде үштен бірі жаңартылады.

12. Қордың Кеңесі:

Қордан қаржыландыру үшін іргелі және іздестіру ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын айқындайды;

конкурстың шарттарын бекітеді, өткізілген жобалардың конкурстық таңдалуын қаржыландыру туралы шешім қабылдайды;

Қордың қаражатын бөледі және оның пайдаланылуына бақылау жасайды; мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен, соның ішінде халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Қордың еркін білдіреді.

13. Кеңестің жұмысына Төраға басшылық етеді. Кеңестің мәжілісі, егер оған мүшелерінің кемінде екіден үші қатысқанда өкілетті деп есептеледі. Кеңестің шешімдері дауыстың жай көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Кеңестің мәжілістері ашық өткізіледі, хаттамалармен ресімделеді.

14. Қордың ағымдағы қызметін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің аппараты жүзеге асырады.

15. Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің Болжамдау мен ғылыми-техникалық прогресті дамыту Бас басқармасы:

іргелі және іздестіру зерттеулерін қаржыландыруға ғылыми мекемелерден, жоғары оқу орындарынан, шетелдіктермен қоса, ұжымдар мен жекелеген ғалымдардан түскен жобаларды (өтінімдерді) қабылдайды және оларды Кеңес мәжілістерінде қарау үшін әзірлейді;

конкурс өткізеді әрі түскен жобаларға тәуелсіз сараптау ұйымдастырады және қаржыландыру үшін қажетті қаражаттың мөлшері туралы Кеңеске ұсыныстар әзірлейді;

орындаушылардың жұмыстарды тындыру мерзімдерін сақтауын, сондай-ақ бөлінген қаражаттың мақсатты түрде пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етеді;

Қордың шығыстары мен кірістері сметаларының орындалуы туралы есептерді Қор Кеңесінің бекітуіне ұсынады, қор Кеңесінің іс қағаздарын жүргізеді.

16. Қор қаражатының есебін жүргізуді Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің Бас жоспарлау-экономикалық басқармасы мен бухгалтерлік есеп пен есеп беру бөлімі жүзеге асырады.

17. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру Қор Кеңесінің Төрағасы бекіткен тақырыптар бойынша Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен жасалған шарттар негізінде жүзеге асырылады.